

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 17 тамыздағы № 37/11 шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат
ШЕШТІ:

1. "Сыртқы көрнекі жарнаманы орналастырудың базалық төлем мөлшерін жоғарылату туралы" 2010 жылғы 23 шілдедегі № 27/5 Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың шешімінің күші жойылды деп танылсын (Құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2010 жылғы 9 тамызда № 1752 тіркелген, 2010 жылғы 14 тамызда "Солтүстік Қазақстан" газетінде, 2010 жылғы 14 тамызда "Северный Казахстан" газетінде жарияланған).

2. Осы шешімнің көшірмесі нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне тиісті жазбалар жасау үшін Әділет департаментіне және күші жойылды деп танылып отырған шешімдер бұрын жарияланған ресми баспа басылымдарға жолдансын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың XXXVII
сессиясының төрағасы*

А. Сапаров

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың хатшысы*

Қ. Едіресов